

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы өңірлік КЕАҚ Қостанай университеті»



Бекітемін
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Э.Наурызбаева



Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында В065 «Көлік техникасы және технологиялары» білім беру бағдарламаларының тобына арналған XVIII республикалық пәндік олимпиаданы өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Республикалық пәндік олимпиада (бұдан әрі – Республикалық олимпиада / РО) жыл сайын дарынды және шығармашылық белсенді студенттерді анықтау және қолдау, студенттердің оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру мақсатында өткізіледі.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (өзгерістер мен толықтыруларымен);

2.2. Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № АИОЗ-VIII ҚРЗ;

2.3. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ (өзгерістер мен толықтыруларымен);

2.4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтыруларымен);

2.5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтыруларымен);

2.6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтыруларымен).

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттері арасында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиада туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже), «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) базалық жоғары оқу орындарында пәндік олимпиадаларды өткізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығына сәйкес Республикалық пәндік олимпиаданың (Олимпиада) екінші кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

4. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттері арасындағы олимпиада

– студенттердің шығармашылық, теориялық және практикалық тапсырмаларды орындау бойынша іскерліктері мен функционалдық дағдыларын анықтауға арналған ашық конкурс болып табылады. Олимпиада Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы кәсіби байланыстарды қалыптастыруға және одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Негізгі міндеттері:

- 4.1 Студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;
- 4.2 6B07101 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзіндік санасын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі бекітуі үшін жағдай жасау;
- 4.3 Студенттердің азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- 4.4 Ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- 4.5 Білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби көзқарасты қалыптастыру.

5. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

5.1. Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – оргкомитет) Олимпиаданы өткізуді жалпы басқаруды, сондай-ақ оны ақпараттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Оргкомитеттің төрағасы Университеттің Басқарма төрағасы – Ректоры болып табылады.

5.2. Олимпиаданың оргкомитеті:

- Олимпиаданы өткізу мерзімдері бойынша ұсыныстар енгізеді;
- Олимпиаданы өткізу регламентін әзірлейді;
- пәндік комиссиялардың (қазылар алқасының) құрамы бойынша ұсыныстар енгізеді;
- Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және университет сайтында жариялау үшін материалдар дайындайды;
- қатысушыларды тіркеуді және қайтаруды ұйымдастырады;
- қазылар алқасының ұсынысы негізінде жеке есептегі жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін айқындайды;
- жеңімпаздарды марапаттауды ұйымдастырады және өткізеді;

5.3. Олимпиада қорытындыларын талдайды, жинақтайды және оның өткізілуі туралы есеп ұсынады.

Университетте РО-ның II Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы кезеңін жедел басқару және жоғары оқу орындарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін Университет өкілдері қатарынан жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

6. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

6.1. Олимпиадаға білім беру қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады, олар алдын ала бірінші ішкі университеттік кезеңнен өткен болуы тиіс. Әр білім беру бағдарламасы бойынша команда құрамында оқу тіліне сәйкес (қазақ және орыс тілдері) 2 студенттен аспауы керек.

6.2. Студенттер РО іс-шараларына қатысады:

- 1) ішкі университеттік конкурстарда – жеке немесе командалық есепте;
- 2) республикалық жоғары оқу орындары арасындағы конкурсқа – команда құрамында.

6.3. РО өткізу кезінде қатысушыларға (командаларға) қойылатын талаптар:

6.3.1. Команданың шекті құрамы 2 адамнан аспауы тиіс.

6.3.2. РО-ға бакалавриат (специалитет) 3-4 (5) курс студенттері қатыса алады.

6.4. Конкурсанттарды ұсыну құқығы олар оқитын университеттің (институттың) Ғылыми Кеңесіне беріледі.

6.5. Екінші кезең – республикалық жоғары оқу орындары арасындағы конкурсқа оқу орны бірінші ішкі университеттік кезеңде 1 орын алған 2 адамнан тұратын команданы ұсынады.

6.6. Екінші Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы кезеңге қатысатын әрбір команданың мүшесі тиісті университетте оқитынын растайтын құжат (студенттік анықтама немесе басқа құжат) болуы міндетті.

6.7. Бұрынғы Республикалық студенттік олимпиадалардың жүлдегерлері қатысуға қабылданбайды.

- Командаға РО-ға қатысу үшін конкурсқа өтінімді қабылдаудан бас тартуға болады, егер:

- конкурсқа өтінім мен жобаның уақытында ұсынылмауы;
- жобаның мазмұны мен ресімделу талаптарына сәйкес келмеуі.

7. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Олимпиада кезеңдері

Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

I кезең (жоғары оқу орны ішіндегі) — әрбір жоғары оқу орнында дербес өткізіледі. Мақсаты — республикалық кезеңге қатысу үшін жеңімпаздарды іріктеу. I кезеңнің қорытындылары хаттамамен рәсімделіп, белгіленген мерзімде Ұйымдастырушыға жіберіледі.

II кезең (республикалық) — ұйымдастырушы жоғары оқу орны базасында офлайн форматта өткізіледі және тестілеу мен жазбаша тапсырмадан тұрады. Өткізу күні мен орны қатысушыларға кемінде 14 күнтізбелік күн бұрын хабарланады.

7.2 **Орындау форматы:** бланкілік тестілеу, қалам, қарындаш, қағаз қолдану.

7.3 Байланыс құралдарын (телефон, смарт-сағат) қолдануға қатысушыға рұқсат етілмейді.

Жалпы уақыт: 90 минут: тестілеу — 60 минут, жазбаша жұмыс — 30 минут.

Ең жоғары балл: 100 балл.

Пәндік олимпиадаға арналған тақырыптар тізімі:

- Техникалық пайдалануға кіріспе, жүріс жүйелері, тозу факторлары
- Пайдалану сипаттамалары және қозғалыс қауіпсіздігі
- Техникалық диагностика (әдістері және маңызы)
- Техникалық пайдалануды басқару (жоспарлау, экономикалық тиімділік)
- Тұрақтылық және қауіпсіздік, сыртқы факторлардың әсері
- Динамикалық көрсеткіштер және олардың пайдалануға әсері
- Өтімділік және көлік техникасының конструктивтік ерекшеліктері
- Жүріс жайлылығы және дірілдер
- Динамикалық қасиеттерді бағалау әдістері мен модельдері

Жазбаша тапсырманы бағалау критерийлері

№ п/п	Бағалау критерийі	Параметр
1	Тақырыпты толық ашу	Тақырып толық ашылған, барлық негізгі аспектілер көрсетілген
2	Теориялық сауаттылық	Терминдер, ұғымдар, заңдылықтар дұрыс қолданылған
3	Практикалық бағыттылық	Мысалдар, есептеулер, техниканы пайдалану жағдайлары келтірілген
4	Логика және баяндау құрылымы	Анық құрылым (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)
5	Сауаттылық (тіл, стиль)	Қателіксіз, техникалық тұрғыдан дұрыс стильде жазылған

8. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

8.1. Бірінші кезеңді бағалау

Бірінші кезең тест нәтижелері негізінде 60 балдық шкала бойынша бағаланады. Тестілеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі, 30 тапсырмадан тұрады:

10 тапсырма – базалық деңгей (әр дұрыс жауап үшін 1 балл)

10 тапсырма – орташа деңгей (әр дұрыс жауап үшін 2 балл)

10 тапсырма – күрделі деңгей (әр дұрыс жауап үшін 3 балл)

Тестілеуге бөлінген уақыт: 60 минут

Тестілеу (максимум 60 балл)

Бағалау дұрыс жауаптар санына автоматты түрде жүргізіледі:

Базалық деңгей (10 тапсырма)

Әр дұрыс жауапқа 1 балл

Максимум: 10 балл

Орташа деңгей (10 тапсырма)

Әр дұрыс жауапқа 2 балл

Максимум: 20 балл

Күрделі деңгей (10 тапсырма)

Әр дұрыс жауапқа 3 балл

Максимум: 30 балл

Кезең бойынша жалпы: 60 баллға дейін

Қосымша:

Дұрыс жауап бір ғана

Дұрыс емес немесе жауап жоқ – 0 балл

Жартылай бағалау қарастырылмаған

Маңызды: тек жауаптың дәлдігі есепке алынады

8.2. Екінші кезеңді бағалау

Екінші кезең жазбаша тапсырманы орындау негізінде 40 балдық шкала бойынша бағаланады (мемлекеттік және орыс тілдерінде), ол теориялық сұрақтар мен практикалық (ситуациялық, қолданбалы және/немесе зертханалық) тапсырмаларды қамтиды. Дайындыққа бөлінген уақыт: 30 минуттан аспайды. Жауаптар Конкурстық комиссия мүшелері тарапынан бағаланады.

Жазбаша тапсырма (максимум 40 балл)

Тақырыпты толық ашу — 10 баллға дейін

9–10 балл — тақырып толық ашылған, барлық негізгі аспектілер көрсетілген

6–8 балл — тақырып негізінен ашылған, кейбір деректер жоқ

3–5 балл — ашылуы ішінара, маңызды элементтер жоқ

0–2 балл — тақырып дерлік ашылмаған

Теориялық сауаттылық — 8 баллға дейін

7–8 балл — терминдер, ұғымдар, заңдылықтар дұрыс қолданылған

4–6 балл — кішігірім қателіктер бар

1–3 балл — көптеген дәлсіздіктер

0 балл — іргелі қателіктер, түсініктің болмауы

Практикалық бағыттылық — 10 баллға дейін

8–10 балл — мысалдар, есептеулер, техниканы пайдалану жағдайлары келтірілген

4–7 балл — мысалдар бар, бірақ беткі

1–3 балл — практикалық бөлігі әлсіз

0 балл — жоқ

Логика және баяндау құрылымы — 8 баллға дейін

6–8 балл — анық құрылым (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)

- 3–5 балл — құрылым бар, бірақ логика бұзылған
- 1–2 балл — байланыс әлсіз
- 0 балл — жүйесіз баяндау
- Сауаттылық (тіл, стиль) — 4 баллға дейін
- 4 балл — қателіксіз, техникалық тұрғыдан дұрыс стиль
- 2–3 балл — кішігірім қателер бар
- 1 балл — көптеген қателер
- 0 балл — сауаттылық деңгейі төмен

8.3. Қорытынды нәтиже

Қорытынды нәтиже бірінші және екінші кезеңдегі баллдардың қосындысымен анықталады. Максималды қорытынды балл: 100.

Қорытынды бағалау:

Максималды балл: 100

Құрамы:

Тест нәтижесі (60 баллға дейін)

Жазбаша тапсырма нәтижесі (40 баллға дейін)

Қосымша шарттар:

Балл тең болған жағдайда: артықшылық екінші кезең нәтижесі жоғары қатысушыға беріледі

8.4. Өткізу жағдайына байланысты екінші кезең тапсырмаларының мазмұны өзгеруі мүмкін.

8.5. Қорытынды балл тең болғанда артықшылық жазбаша тапсырма бойынша көбірек балл жинаған қатысушыға беріледі.

8.6. Бағалау нәтижелері жеке бағалау парақтарында және Конкурстық комиссия мүшелерінің қолы қойылған жинақталған ведомостыте тіркеледі.

9. АПЕЛЛЯЦИЯ

9.1. Әр қатысушы өзінің жұмысының бағалау нәтижесіне апелляция жолдау құқығына ие.

9.2. Апелляция қатысушының өзі немесе оның ресми серіктесі арқылы жазбаша түрде Апелляциялық комиссия төрағасының атына беріледі.

9.3. Апелляциялық өтінішті тапсыру мерзімі – сәйкес кезеңнің ресми нәтижесі жарияланғаннан кейін 30 (отыз) минуттан кешіктірмей.

9.4. Апелляциялық өтініште келесі мәліметтер болуы қажет: қатысушының фамилиясы, аты; оқу орнының атауы; тур мен тапсырма нөмірі; қойылған бағамен келіспеу себебі.

9.5. Апелляциялық комиссия құрамында кемінде 3 адам болуы тиіс және өтінішті оны қабылдағаннан кейін 30 минут ішінде қарайды.

9.6. Апелляция қаралғаннан кейін қатысушының балы көбейтілуі, расталуы немесе төмендетілуі мүмкін (бастапқы тексеру кезінде қатысушыға қате анықталған жағдайда).

9.7. Апелляциялық комиссияның шешімі соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

9.8. Олимпиаданың өткізілу шарттарына, тапсырмалардың мазмұнына және бағалау критерийлеріне қатысты апелляциялар қабылданбайды.

10. ОЛИМПИАДА КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫ

10.1. Олимпиада жеңімпаздарын объективті таңдау мақсатында пәндік конкурстық комиссия құрылды.

10.2. Білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық комиссия құрамы базалық университеттің ғылыми және педагогикалық қызметкерлерінен, сондай-ақ ЖОО-ның серіктес кәсіпорындарының қызметкерлерінен жасақталады.

10.3. Олимпиада конкурстық комиссиясының міндеттері:

- Олимпиада тапсырмаларын бағалау критерийлерін әзірлеу (теориялық және практикалық тапсырмалар);

- Олимпиада тапсырмаларын тексеру және бағалау.

10.4. Финалдық бөлім қорытындысы бойынша конкурстық комиссия қатысушылардың екі турдағы жинаған баллдарын есептеу арқылы жеңімпаздарды анықтайды.

11. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

11.1 Қорытынды жасау, жеңімпаздар мен лауреаттарды марапаттау РО қазылар алқасының ұсынысы бойынша Олимпиада оргкомитеті арқылы жүзеге асырылады (хаттама).

11.2 Олимпиаданың оргкомитеті жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауды ұсынады:

1) Олимпиада жүлдегерлері I, II, III орындарды иеленген жағдайда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады:

1 орын – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломы (1 студенттен аспайды);

2 орын – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломдары (2 студенттен аспайды);

3 орын – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломдары (3 студенттен аспайды);

2) Олимпиада лауреаттары дипломдармен (грамоталар) және университеттің шешімі бойынша сыйлықтармен марапатталады;

3) Жетекшілерге алғыс хат беріледі.

11.3 Жеке есептегі конкурс жеңімпазы – екі тур қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушы болып саналады.

11.4 Олимпиаданы өткізу оргкомитеті барлық номинациялар бойынша жеңімпаздарды іріктеу критерийлерінің біркелкілігін қамтамасыз етеді.

12. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

12.1 РО-ға қатысу (жол шығындары, күнделікті шығындар, орналастыру) жолдаушы тараптың есебінен қаржыландырылады.

12.2 РО-ны ұйымдастыру және өткізуге арналған барлық ұйымдастырушылық шығындар (тапсырмаларды, дипломдарды, грамоталарды дайындау, канцелярлық заттар және т.б.) Университет есебінен қаржыландырылады.

13. ҚҰЖАТТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

13.1 Олимпиада қатысушыларын тіркеу үшін ЖОО келесі құжаттарды ұсынады:

- I кезең қорытындысы бойынша ректордың (проректордың) қолы қойылған хаттың скан-нұсқасы немесе екінші кезеңге қатысуға ұсыныс беретін университет Ғылыми кеңесінің шешімі;

- қатысуға өтінімнің скан-нұсқасы (Word) (Қосымша 1-ге қараңыз);

- қатысушының жеке куәлігі/паспорттың скан-нұсқасы;

- Республикалық пәндік олимпиадаға қатысу өтінімі (Қосымша 1).

14. ЕСЕП

14.1 Олимпиаданы өткізу және оның қорытындылары туралы есеп ұйымдастыру комитеті тарапынан дайындалады, университеттің сайтында жарияланады және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және кейінгі білім департаментіне ұсынылады.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері арасында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті базасында өткізілетін XVIII Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысуға «Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері» пәні бойынша өтінім

№	Жоғары оқу орнының атауы, ректордың Т.А.Ә. <i>(толық, қысқартусыз, ресми мекенжайы, телефоны, факсы)</i>	Білім беру бағдарламасы, курс, олимпиадаға қатысу тілі <i>(қаз./орыс)</i>	Студенттің Т.А.Ә. <i>(толық, қысқартусыз)</i> , институты, білім беру бағдарламасы, курс, байланыс телефоны; e-mail	Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә., лауазымы, ұялы телефоны, e-mail
1.				
2.				
3.				

Басқарма төрағасы – Ректор (проректор) _____
ҚОЛЫ Т.А.Ә.

« _____ » _____ 2026ж

Қосымша 2

Білім беру бағдарламалары тобы /Группа образовательных программ	Білім беру бағдарламасы /Образовательная программа	Пән / Дисциплина
В065 Көлік техникасы және технологиялары / В065 Транспортная техника и технологии	Көлік, көлік техникасы және технологиялар / Транспорт, транспортная техника и технологии	Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері / Основы технической эксплуатации транспортной техники